

**Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Дауренбекова Лаура Ноғайбекқызының
«6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Актанова Шолпан Советовнаның «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

ЖАЗБАША ПІКІР

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);</p> <p>2) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);</p> <p>3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (1. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы. 21.11.2018 ж.).</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Аталған жұмыс әдебиеттану ғылымына жаңашылдығымен елеулі үлесін қосады. Қазақ жазушысы мен Америка жазушысының шығармалары әдебиеттану ғылымында компаративистика тұрғысында алғаш рет қарастырылып отыр. Диссертант М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларын салыстыра отырып, екі жазушының жалпыадамзатқа ортақ рухани құндылықтарды берудегі ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындаған. Сондай-ақ, әдебиет теориясындағы концепті ұғымының мәнін қос қаламгердің шығармалары арқылы негіздеп берген. Сондықтан да, диссертацияның маңыздылығы

			ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың өзіндік ой қорытулары, пайымдауларынан ғылыми жазу стилінің қалыптасқандығын аңғаруға болады. Әр бөлімде берілген тұжырымдаулары жазу деңгейінің жоғары екенін байқатады. Академиялық жазу ұстанымдары толық сақталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған жылдар ішінде, өзге ғылым салалары қатарында, салыстырмалы әдебиеттану, компаративистика мәселелері де бір жолға қойылып, қарқынды дамып келеді. Осы тұрғыдан алғанда зерттеушінің диссертациясы әдебиеттанудың компаративистика саласына қосылған еңбек деуге болады. Ізденуші М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларының үндестігін қарастыру барысында дәстүр жалғастығы мен жаңашылдық, екі ел әдебиетінің арасындағы ұлттық-танымдық ерекшеліктерін саралаған. Сол себепті, диссертацияның өзектілігі негізделген деп айта аламыз.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның тақырыбы айқын, зерттеу нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері нақты. Зерттеудің жаңалығы мен тұжырымдары дәйекті. Жұмыстың құрылымы, тарау мен бөлімдердің атаулары зерттеудің бір тұтастығын білдіреді. Бұдан зерттеуден алынған нәтижелердің ішкі бірлігін көреміз. Диссертация тақырыбының өзектілігі, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдары, жалпы ішкі мазмұны күмән туғызбайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Жұмысты орындау барысында ізденуші көрсетілген мақсат-міндеттерді түгел орындап шыққан. Диссертант М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармашылығындағы адам мен табиғат концептілерінің рухани, танымдық мәселесін сабақтастырып, қоғамдағы рухани адамгершілік мәселелер жайындағы концептуалды ойларды жинақтаған. Аталған қаламгерлердің жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтау идеясының бастауларын анықтау арқылы мақсаты мен міндетіне жеткен. Сондықтан да, ізденуші көрсетілген мақсат-міндеттерді түгел орындап шыққан.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;	Зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, екі тарау, үш бөлімнен, анықтамалық, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттерден тұрады. Диссертацияның бөлімдері мен құрылымы толық байланысқан.

		<p>2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Зерттеуден алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертациялық жұмыстың құрылымдық тұтастығына негіз болған.</p> <p>Диссертант қос қаламгер шығармаларындағы образдардың сомдалуын салыстыра отырып, концепт категорияларын талдаған. Екі жазушы да тарихи шығармалар мен тарихта болған оқиғалардың көркем бейнесін жасағандықтан диссертация барысында олардың тарихи санасындағы әлем бейнесін ашу да көзделген. Сонымен бірге жазушылардың шығармаларындағы кейіпкер бейнесін берудегі психологизм мәселесі де барынша ашылып дәйектелген. Автордың диссертацияны орындау барысында өз тарапынан ұсынған жаңа шешімдері, өзіндік пікірін дәйектейтін сыни талдаулары бар. Мысалы: «Екі жазушының әңгімелеріндегі отбасы, әйел адам, ер азамат қарым - қатынасы қарапайым сияқты болып көрінгенімен бүкіл адамдардың басында болатын өзекті проблемаларды қозғайды. Адамдар арасындағы түсініспеушілік, қарапайым дүниеге бола болатын тартыс, қоғамдық ортадан адамның алатын орны туралы екі қаламгер де өз жазу мәнерлеріне сай, стильдік қолданбаларын көрсетеді» (124 бет). «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы «қорғансыздар» тақырыбы – ең өзекті тақырып болып келеді. М. Әуезов әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, озбырлық, отаршыл, басқыншы жүйенің кесірінен келген қазақ әйелінің тағдырын бейнелейді. Э. Хемингуэй болса сырттай еркін болып көрінген қоғамдық ортаның іштей әйел үшін тар құрсауларының, тыйымдарының көп екенін көрсетеді» (77 бет). Осындай сыни-талдаулар диссертацияның құндылығын арттыруда үлкен рөл атқарып тұр.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып есептеледі.</p> <p>1-нәтиже толыққанды жаңа деп есептейміз. М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы тақырып, идеялық тұрғыдағы рухани үндестігі айқындалып, жалпыадамзаттық құндылықтарды берудегі сабақтастығы пайымдалған.</p> <p>2-нәтиже толығымен жаңа. Әдебиет теориясындағы макро және микроконцептілерді талдау негізінде М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы адам мен табиғат концептілерін берудегі ерекшеліктері сараланған.</p>

			<p>3-нәтиже толығымен жаңа. Қос қаламгердің суреттеп отырған кезеңіндегі қоғамның және жекелеген адамдардың психологиялық болмысын ашудағы ортақ идеялары, авторлық позицияларының ұқсастығы ғылыми негіздемелермен дәйектеліп берілген.</p> <p>4-нәтиже толығымен жаңа. Диссертацияда қарастырылған шығармалардағы тартыс, сюжеттік желі, жазушылық шешім арқылы көрініс тапқан оқиғалар талданып, тұжырымдар жасалған.</p> <p>5-нәтиже толығымен жаңа. Жалпы адамзаттық, жалпы халықтық, жалпы ұлттық құндылықты таныта алатын ұлттық-мәдени концептілер зерделенген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Диссертант әр ойды тұжырымдап, қорытынды жасап: «Теорияда экзистенциализм деп қалыптасқан терминнің мәні де, мағынасы да адам жанының рухани экологиясы деуге болады. М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы бейнелердің ерекшелігі – олар бірыңғай жаман, не жақсы болмайды. Олардың бойында құлдыраушылық та, одан арылып, биіктеп, тазалану да бар. Сондықтан да екі жазушының туындыларындағы рухани экология мәселесі маңызды ұғым» - деп, қадап көрсетіп зерттеу нысанына алған шығармалардың мәні мен мазмұнын анықтауы да жұмыстың негізгі нәтижесі болып есептелінеді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында қолданылған техникалық, технологиялық шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертацияда берілген қорытындылар ғылыми тұрғыда нақты дәлелдермен негізделген. Басты зерттеу нысанына айналған М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы адам және табиғат концептісін талдау арқылы қос қаламгердің шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестігін аша білген.</p>
7.	Қорғауға	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға	Қорғауға ұсынылған негізгі дәлелденген тұжырымдар:

	шығарылған негізгі қағидаттар	жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия ; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия ; 2) жоқ	7.1 Диссертант М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы адам концептісін нақты анықтап, қос жазушының шығармашылығындағы үндестік пен ерекшеліктерін саралау арқылы жалпыадамзатқа ортақ рухани құндылықтарды нақты мысалдармен әр тарауында айқындаған, қағидаттары дәлелденген. 7.2 Диссертациялық еңбекте ұсынылған қағидаттар тривиалды емес. 7.3 «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбы әдебиеттану саласы бойынша жаңа болып табылады. Диссертант дала, табиғат, теңіз, отбасы, әйел, балалық шақ, ер азамат, адам концептілік аяларын аша отырып, екі жазушының адам болмысы мен оның рухани келбеті жөніндегі пікірлерінің ортақтығын анықтай алған. 7.4 Көрсетілген барлық қағидаттардың қолдану деңгейі ауқымды. Алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарының әдебиеттану пәні бойынша әдебиет теориясы, салыстырмалы әдебиеттану, көркем аударма тәжірибесі, әдеби байланыс пәндерін оқыту барысында қолдана алады. 7.5 Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидаттары мен қорытынды тұжырымдары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық, тәжірибелік конференциялардың материалдар жинағында жарияланған мақалаларда дәлелденген. Мақалалардың жалпы саны 14 (он төрт). Оның ішінде ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 6 (алты) мақала жарық көрген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия ; 2) жоқ 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Ия. Диссертациялық жұмыста тарихи-типологиялық, жүйелік-салыстырмалы, компаративистік талдау, аналитикалық талдау әдісі негізделген. Сондай-ақ жинақтау мен салғастырмалы әдістер қолданылған. Диссертациялық жұмыстың методологиялық әдістемесі дұрыс таңдалған Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылған және интерпретациялау, деректерді өңдеу және түсіндіру әдістері қолданылған.

		1) ия; 2) жоқ	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Ия. Теориялық қорытындылар, анықтамалар ғылыми еңбектерге сүйене отырып дәлелденген. Зерттеу жұмысының нәтижелерін диссертант халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда жариялаған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде отандық, орыс және шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылған. З. Қабдолов, З. Ахметов, С. Қирабаев, Л. Әуезова, Қ. Мұхамедханов, Р. Нұрғали, М. Базарбаев, Ш. Елеукенов, Т. Жұртбай, Ж. Ысмағұлов, Б. Майтанов, А. Еспенбетов, Г. Пірәлі, М. Маданова, Ж. Жарылғапов, С. Әшімбаев, Қ. Жанұзақова, А. Әшірбекова, Қ. Әбдікова, В. Жирмунский, Н. Анастасьев, В. Адмони, В. Хализев, А. Штандель, В. Днепров, Д. Затонский, Ю. Лидский, В. Толмачев және басқа да ғалымдардың еңбектеріне негізделген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынған және сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Зерттеу жұмысында отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектеріне сілтемелер жасалынған. Теориялық еңбектермен қатар, әдебиеттану терминдер сөздігі, қазақ әдеби тілінің сөздіктері де пайдаланылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия;	Ия. Зерттеу барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар әдебиеттану, әдебиет теориясы, компаративистика салаларының ғылыми-теориялық негіздерін қарастыруда үлесін қосады.


		2) жоқ	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертацияда қол жеткізілген нәтижелер мен тұжырымдар салыстырмалы әдебиеттану, қазақ әдебиеті, әдебиет теориясы, әдеби байланыс, әуезовтану пәндеріне қатысты курстарды және элективті курстарды әзірлеуде қолдануға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны, құрылымы, тілі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі философия докторы (PhD) дәрежесіне қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертацияда кездесетін кейбір техникалық қателер жалпы жұмыстың мазмұнына әсер етпейді. Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар тиянақталып, негізгі ой-байламдар түйінделген. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жасалған.

Шешім:

Актанова Шолпан Советовнаның «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін беруге қоятын талаптарына толық сәйкес келетін, ғылыми жаңалығы бар зерттеу ретінде «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**А.Құсайынов атындағы
Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты**



Л.Н. Дауренбекова